

**"Кассалық операциялар жүргізу, мемлекеттік мекемелердің кассаларындағы және ағымдағы шоттарындағы қолма-қол ақша қалдығының лимитін анықтау ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Қаржы министрі міндетін атқарушының 2009 жылғы 6 тамыздағы № 331 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы**

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2012 жылғы 22 маусымдағы № 308 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2012 жылы 18 шілдеде № 7801 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 20 қарашадағы № 577 бұйрығымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Қаржы министрінің 20.11.2015 № 577 бұйрығымен.**

### **Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :**

1. «Кассалық операциялар жүргізу, мемлекеттік мекемелердің кассаларындағы және ағымдағы шоттарындағы қолма-қол ақша қалдығының лимитін анықтау ережесін бекіту туралы» Қазақстан Қаржы министрі міндетін атқарушының 2009 жылғы 6 тамыздағы № 331 бұйрығына (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5760 болып тіркелген, Қазақстан Республикасының Орталық атқарушы және өзге де орталық мемлекеттік органдарының актілер жинағында, № 10, 2009 жылы жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін: көрсетілген бұйрықпен бекітілген Кассалық операциялар жүргізу, мемлекеттік мекемелердің кассаларындағы және карт-шоттарындағы қолма-қол ақша қалдығының лимитін анықтау ережесінде:

1 - қ о с ы м ш а д а :

113 «Өтемақы төлемдері» ерекшелігі бойынша:

6 «Шығындар тізбесі» деген баған мынадай редакцияда жазылсын: «Шұғыл қызметтегі әскери қызметшілерге әскери қызметтен босатылған кезде төленетін бір жолғы жәрдемақы және әскери қызметшілерге - шет мемлекеттердің әскери оқу орындарының түлектеріне сауықтыруға арналған ж ә р д е м а қ ы » ;

159 «Өзге де ағымдағы шығындар» ерекшелігі бойынша:

6 «Шығындар тізбесі» деген баған мынадай редакцияда жазылсын: «- заңнамалық актілерге сәйкес мәдени, спорттық және басқа да іс шаралардың жеңімпаздары мен қатысушыларына әр түрлі сыйақылар, жүлделер,

естелік сыйлықтар, ақшалай сыйақылар, жеке тұлғаларға басқа да ақшалай  
т ө л е м д е р т ө л е у г е ;

- бостандығын шектеу, қамау немесе бостандығынан айыру түрінде жазасын  
өтеуден босатылатын тұлғалар үшін тұратын жеріне дейін жол жүру билеттерін  
с а т ы п а л у ғ а ;

- мемлекеттік мекемелер қызметкерлерінің іссапар шығыстарынан басқа,  
сапарға шығу арқылы іс-шаралар (жол жүру, тұру, тамақтану) өткізуге;

- бюджеттік бағдарлама әкімшіліктерінің өткізетін іс-шараларына  
қатысушылардың (республиканың түрлі аймақтары, жақын, алыс шет ел  
өкілдерінің) жол жүру шығындарын өтеу бөлігіндегі өкілдік шығыстармен;

- нотариалдық қызметтерге ақы төлеуге;

- қызметтік автокөлікке техникалық тексеру жүргізуге және қызметтік  
автокөлікке мемлекеттік нөмірлер сатып алуға байланысты шығындар бойынша»

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қазынашылық комитеті ( Р.Б. Бекетаев) заңнамада белгіленген тәртіппен осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін және оның кейіннен ресми бұқаралық ақпарат құралдарында жариялануын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Министр*

*Б. Жәмішев*